

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 18/403

08 мая 2015 года

Вестник

Мерекелік шеруден репортаж

МАМЫРДЫҢ МЕРЕКЕЛІ КҮНІ

Әр жылы дәстүрлі аталып келе жатқан, қазақстандықтардың бірлігі мен ынтымағының үлгісіндей болған I-мамыр мерекесі күні ауа-райы желкеменіп тұрғанымен, қала халқы мерекелік шара өтетін алаңға мезгілінен бұрын жинала бастады. Әсіресе қолдарына әртүрлі түстегі шарлар ұстаған балақандардың



қосылып, «Атамекен» әнін орындап, оларға өзге топтар да қосыла шырқады.



бал-бұл жанған жүздерінен ерекше қуаныш нұры ұшқындайды. Сағат онға таянғанда мерекелік шеруге қатысатын халық түгел жиналып, бір-бірімен мәре-сәре амандасып, мерекемен құттықтасып жатты. Ұлттық нақышта киінген әртүрлі ұлттар өкілдерінің сырт көрінісі өз бет-бейнесімен көз тартып, ерекше көңіл-күй сыйлайды. Қалалық ардагерлер ұйымынан қатысқан ардақты аталар мен әжелердің тобы



бебеулеген баянның жағымды әуеніне

Жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың басын бір жерге ұйыстырған, бірлігі мен татулығы жарасқан, бақ пен береке орнаған, ырысы мен ытымағы тоғысқан еліміздің бейбіт өмірін паш еткендей, қала алаңында көтеріңкі көңіл күй орнаған еді. Қазақстан халқының бірлігі күнін шерулеуге қаладағы кәсіпорын, мекемелер, ұйымдар, мектептер мен балабақшалар, әске-

ри ұжымдар, ұлттық этномәдени орталықтардың өкілдері мен жастар қатысты.



Сағат 10.00-де мерекелік шерудің басталғаны хабарланғанда, әр ұжым өздерінше сап түзеп, шеруге сақай сай тұрды. Еліміздің әнұраны ойналып болғасын, жиылған халықты қала әкімі Қайтат Амангелдіұлы Кам-



зин құттықтап, елге арнаған ақ тілегін білдірді. Қала әкімінің аппараты бастаған мерекелік шеруді барлық ұжымдар рет-ретімен жалғастырып, алаңды айнала, әуезді әуенмен, жалынды ұранның аясында жүріп өтті.

Осы күннің кешінде қаладағы көркемөнерпаздардың қатысуымен мерекелік концерт берілді. Халық мол жиналған кештің аспанын ән кернеп, биден шашу шашылды. Танымал әншілер Гүлжаһан Усарова, Айғанша Болысовалармен қатар Ділназ Мұхтарият, Аяжан Мейіржан, Елена



Бычкович, Арина Камзина, Еламан Жүсіп, Төлеген Сағадиев, Аружан Керімбай, Ирина Спивак, Анар Елтаева және Жансая Орақова секілді жас әншілердің шырқаған әндеріне көрермендер ыстық ықыласпен қол соқты. Әсіресе Аяжанның орындаған «Ақжайнақ» әніне тәнті болған жұрттың шапалағы ерекше болды. Сондай-ақ, елге танымал болып

үлгірген, Перизат Нұршаеваның жетекшілігіндегі «Жұлдыз» би тобының концертті бастаған «Қара жорға» және өзбек билері, кіп-кішкентай биші қыз Ақжарқын Әбдімұраттың «Аққу» хәм өнер және спорт мектебінде тәрбиеленіп жатқан кішкентай бишілердің қытай билері жиылған елдің



көңілін көтеріп, жандарын желпінітіп тастады. Шалқыған көңілдерге желік берген ойнақы әуендерге қосылып, билеп жатқандар да табылды. Жалпы алғанда, биылғы мамыр мерекесін қала халқы ерекше ықыласпен, көтеріңкі көңіл-күймен атап өткен еді.

Н.Қыдырмұратұлы
Суреттерде:
мерекелік шеру мен концерттен көріністер.
Суреттерді түсірген автор



Ұлы Жеңіске 70 жыл

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

Өткен сейсенбі күні қалалық өнер және спорт мектебінің концерт залында қала тұрғындары, кәсіпорын, мекемелер, ұйымдар және жастар өкілдерінің қатысуымен Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерей-

ардагерлерді және қала халқын аталмыш Жеңіс күнімен құттықтады. Президент Н.Ә.Назарбаевтың ардагерлерді марапаттау туралы Жарлығы оқылып, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған мере-



тойына арналған салтанатты жиын болып өтті. Жиынға қаламыздағы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлері құрметті қонақ ретінде шақырылып, сахна

келік төсбелгілерімен соғыс және тыл ардагерлері марапатталды. Олардың арасында – Морозов И.П., Алексеева В.М., И.И.Иванов, В.Т.Глушенко, В.З.Савченко, Т.Кұлмағанбетов, Н.И.Волкова, А.М.Зиновьева, В.С.Абрамов, В.Г.Шенцов, Ю.Ф.Шпак, Е.Н.Кузнецова, С.Галиутдинов, А.Л.Гаркушина, А.О.Глушкова, К.Ф.Кучмина, М.Г.Мотрина, Е.А.Правдина, М.Хошмұратов, Л.И.Степанчук және ҰОС ардагерінің зайыбы Л.В.Чеховскихтар болды. Одан соң құттықтау сөзге шыққан Сарышаған полигонының бастығы, генерал-майор Олег Васильевич Кислов және Приозерск гарнизонының сардары, полковник Бауыржан Әкімжанұлы Жиенбаевтар ардагерлерге өздерінің жүрекжарды лебіздерін арнады. Приозерск қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Р.Талмекеева да өз тілегін білдірді.

Салтанатты жиын соңы Қарағанды қаласынан арнайы келген өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты. Өнер иелері ардагерлер мен жиын қатысушыларына әуезді әндері мен жалынды билерін ұсынып, көтеріңкі көңіл-күй

төрінен орын алды. Өздерінің ғана емес, жер шарындағы миллиондаған жұрттың мерекесі болған осынау ұлық күннің кейіпкерлері саналатын ардагерлердің көңіл толқынысы мен жүрек қуаныштарында шек жоқ еді. Отанын зұлым жаудың улы тырнағынан арашалау жолында қаны мен терін төккен ардақты ата-әжелерімізді жүргізушілер таныстырып жатқанда, жиылған халық ду қол шапалақпен қошемет көрсетіп тұрды. Жиылғандар соғыс жылдарында қаза болған шейіт жандардың рухына бас иіп, бір минуттік тыныштық сақтап еске алды. Еліміздің Өнұраны орындалған соң салтанатты жиынның ашылуы жарияланды.

Мерекелік салтанатты жиынды қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин ашып,



сыйлады. Әсіресе, қобыздың сүйемелдеуімен күй орындаған жас қыздың өнеріне көпшілік ризашылықпен қол соқты. Концерт барысында соғыс жылдарының естеліктерінен бейнебаян тамашаланып, қалада тұратын Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өмірбаяндары жиылған көпшілікке кезекпен таныстырылды.

Қан майданның шебінде тобығынан саз кешіп, толарсақтан қан кешіп, осынау Ұлы Жеңіс күніне үлес қосқан, күн өткен сайын қатарлары сирей түскен ардагерлердің рухты ерлігі мен батыл іс-әрекеттері өтіп жатқан уақыт тезіне төтеп беріп, ұрпақтар жадында мәңгілік сақталып қалмақ.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Суреттерде: салтанатты жиыннан көріністер
Суретті түсірген автор



Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды

«МӘҢГІЛІК ПОЛК» АКЦИЯСЫ

Сәрсенбі, яғни 6 мамыр күнгі таңертенгілік 09.00 сағаттан бастап қаладағы алаңға жинала бастаған кәсіпорын, ме-

жарияланды. Жер жүзі бойынша 27 миллионнан астам адамның жанын қиған, қаншама қалалар мен ауылдарды, елді




кемелер, ұйымдар, мектептер мен балабақшалар, қоғамдық ұйымдар және жастар өкілдері, Қазақстан және Ресей Федера-

мекендерді, орман-тоғайларды, жолдарды, зауыт-фабрикаларды қиратқан, адамдарды етбауыры – жақындарынан, сүйіктілерінен, кимастарынан айырған, мыңдаған отан-дастарымыз қослагерлерде гитлершіл жедеттердің азаптауы мен қорлығына ұшыраған, қаншама жүректерге өшпес жара салған – фашист басқыншылары әкелген сұм соғыстың қасіреті, осы қанды қырғынның ажал-өртін ертерек сөндіру үшін қолдарына қару алып шайқасқан ержүрек өрендеріміздің жарқын бейнелері бейбітшілікті ту еткен, тыныш өмірді қалаған адамдар тарапынан ешқашан ұмытылмақ емес еді. «Мәңгілік полк» акциясының да мақсаты осы болатын.

Бұдан әрі барлық топтар қатарласа сап түзеіп, кезек-кезегімен алаңды айнала

циясы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері сағат 10.00-ге таянғанда сапта сақадай сай тұрды. Олар мұнда Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына арналған «Мәңгілік полк» акциясына қатысып, бейбіт шеру өткізуге бас қосқан болатын. Мыннан астам адамның басын біріктірген бейбіт шеруге қатысушыларының әрбірінің қолдарында шарлар, майдан даласынан оралмаған және Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлердің бейнесін айшықтайтын суреттер бар еді. Сапта тұрғандарға шеруге дайындықты пысықтайтын белгі берілген сон, әлемге әйгілі диктор Левитанның Ұлы Отан соғысының басталғанын хабар-



шерулетіп өтті. Әр топтың қолындағы суреттердегі аяулы жандардың аты-жөндері, әскери шендері мен марапаттары, соғыста көрсеткен ерліктері мен батырлықтары жайында баяндалып тұрды. Өскеден ұрпақтың жадында ардагер аталарымыз бен әжелеріміздің өшпес ерлігін мәңгі қалдыру үшін ұйымдастырылған аталмыш акция діттеген мақсатына жеткен еді.

лаған дауысы таспа арқылы берілді және соғыста қаза тапқандардың рухын еске алуға арналған бір минуттік үнсіздік

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

Суреттерде: «Мәңгілік полк» акциясында
Суретті түсірген автор



лаған дауысы таспа арқылы берілді және соғыста қаза тапқандардың рухын еске алуға арналған бір минуттік үнсіздік

В АСТАНЕ ПРОШЕЛ ВОЕННЫЙ ПАРАД

В Астане прошел военный парад, посвященный Дню защитника Отечества и 70-летию Победы в Великой Отечественной войне. Нынешний парад стал самым зрелищным, масштабным и много-численным за прошедшие годы. В нем приняли участие рекордное количество личного состава Вооруженных Сил страны и военной техники. Было задействовано около 5 000 военнослужащих, порядка 200 единиц вооружения и военной техники, 70 верто-



(окончание на стр.3)



70 лет Великой Победе

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»

ВЕЛИКАЯ ПОБЕДА – ВЕЛИКОГО НАРОДА



9 мая – это великий день – день Победы, который стал священным для каждого из нас. Ведь нет ни одной семьи, которая бы не испытала весь ужас и скорбь во времена Великой отечественной войны. Тысячи бойцов ушли на фронт, при этом сотни тысяч наших земляков работали в тылу во благо победы над фашистскими захватчиками. В этот день мы вспоминаем наших прадедов и дедов, которые пали не щадя своих жизней, а также всех тех, благодаря кому была завоевана Победа в Великой отечественной войне 1941-1945 годов.

Прошло очень много лет, однако события 70 летней давности до сих пор живы в воспоминаниях людей старшего поколения, запечатлены в кинохрониках и на страницах книг и учебников по истории. Вечная память о трагических днях передается из поколения в поколение, и мы должны ее сохранить.

Каким был бы мир в случае иного исхода войны? На этот вопрос мы думаем, что нет конкретного ответа. Но точно знаем, что отстоять мир и свободу будущего поколения в борьбе с фашистскими захватчиками

удалось ценой собственной жизни и небывалой отваги воинов. Велась борьба не против отдельного государства, нации или народа, а против порабощения разрушительной человеконенавистнической идеологией.

Поэтому мы должны всегда помнить о прошлом и быть бесконечно благодарными старшему поколению за Великую Победу. Она оплачена миллионами жизней, слезами родных и близких.

Спасибо всем павшим и живым. С праздником! С праздником 9 мая! Счастья, здоровья и благополучия всем жителям Казахстана!

Одновременно с этим, хотели бы поздравить с Днем защитника Отечества, который в Казахстане признан официальным праздником – **День казахстанской армии** и отмечается 7 мая.

Желаем Вам крепкого здоровья, больших успехов в работе и огромного счастья в личной и семейной жизни! Пусть всегда над нашей родиной будет синее и открытое небо, пусть никогда не вступит в нашу землю враг!

Коллектив военной прокуратуры Приозерского гарнизона

В АСТАНЕ ПРОШЕЛ ВОЕННЫЙ ПАРАД

(окончание, начало на стр.2)

летов и самолетов военной авиации, сообщили центру деловой информации **Kapital.kz** в пресс-службе Министерства

расчета в военной форме времен Великой Отечественной войны, первый расчет прошел с боевым знаменем 72 гвардейской стрелковой дивизии, в составе которой в годы Великой Отечественной войны воевали наши земляки.

Продолжили шествие парадные расчеты офицеров Министерства обороны РК, Сухопутных войск, Сил воздушной обороны и Военно-морских сил. Зрители парада смогли увидеть роты Аэромобильных войск, морской пехоты, миротворческих сил, специального назначения, женщин-военнослужащих, военной полиции и др.

Колонну военной техники исторической части парада возглавил танк Т-34, который шел своим ходом. Также в исторической парадной коробке прошли ЗиЛ-157 с пушками ЗИС-2 и



обороны РК.

Наряду с современными Вооруженными Силами РК представлена армия и вооружение времен Великой Отечественной войны. Отдельным ритуалом был представлен внос и вынос знаменной группой Государственного флага РК и Красного знамени Победы – точной копии флага, который 70 лет назад водрузили над Рейхстагом наш прославленный соотечественник Рахимжан Кошкарбаев и его однополчанин Григорий Булатов. Боевое знамя прибыло в Казахстан с Поклонной горы в Москве.

Прохождение пеших колонн открыла рота барабанщиков республиканской школы «Жас Улан» имени генерала армии С. Нурмагамбетова. За ними следовали три парадных



гаубицами М-30, легендарная БМ-13 РС-30 «Катюша», знаменитый пулемет «Максим», РПД (ручной пулемет Дегтярева), ПППШ (пистолет-пулемет Шпагина). Современную часть военной техники на параде возглавил танк Т-72Б, оснащенный управляемым вооружением. Вместе с ним по площади прошли боевые машины поддержки танков, «Солнцепек», боевые машины пехоты, бронетранспортеры БТР-82, гаубицы Д-30, «МСТА», автомобили КамАЗ, бронированные машины «Тигр», боевые разведывательные машины «Кобра» и другая современная военная техника, поставленная на вооружение казахстанской армии в последние годы.



МӘНГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ МӘДЕНИЕТПЕН ДЕ ӨЛШЕНБЕК

Елбасы негізін салған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының одан әрі қарай қалыптасуына мүмкіндік беретін өзгерістер туралы сөз қозғағанда, мәдениет саласындағы ұзақ мерзімді дамудың негізгі бағытын өткен жылы Елбасының Жарлығымен қабылданған Мәдени саясаттың тұжырымдамасы айқындайтын айта кеткен жөн. Мұндай маңызды құжат тәуелсіздік жылдарында алғаш рет қабылданып отыр. «Мәдениет» дегенде, адамдардың ойына алдымен демалыс және ойын-сауық саласы ретінде қалыптасып кеткен ескі көзқарастан арылар сәт әлдеқашан жеткенін айта кеткіміз келеді. Осыған байланысты мәдени саясаттың маңызды басымдықтарының бірі – сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті өнім жасау. Біз осы деңгейге ұмтылуға тиіспіз. Сондай-ақ, танымал тәлтумаларды, елдің туристік тартымдылығын қалыптастыру арқылы мәдениет саласының экономикалық тиімділігін арттыру қажет. Қазақтың мәдениет саласындағы жетістіктері өзге елдердікінен кемшін түспейтіні анық.

Елбасы Н. Назарбаев: «Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылы ғана жеткізе аламыз» десе, сөз зергері Мұхтар Әуезов бір сөзінде: «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!» деуінде үлкен мән жатыр. Сондықтан да, қазақ тілі – мемлекетіміздің барлық азаматтарын біріктіретін қуатты құралға айналуы тиіс екенін жадымыздан шығармағанымыз жөн. Қандай ұлт болмасын, жүрегі мен санасындағы ойын туған тілі арқылы жеткізеді.

Тұтастай алғанда, Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясы барша жұртшылықты бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын ұранға айналуы тиіс. Бұл ретте ең бірінші

кезекте, ұлтты сөзімен де, ісімен де ұйытатын интеллигенция осы идеядан әркілі ой түйіп, қазақ елінің, қазақ тілінің мәңгілік болуына аянбай еңбек етуі керек. «Мәңгілік Ел. Мәңгілік Қазақстан. Бұлар – ата-бабаларымыздың мәңгілік арманы, мәңгілік аңсары, мәңгілік мұраты болатын. Ертеңгі жарқын күннен үмітті біздің елдің ұраны да, жыр-әні де сол болуға тиіс. «Мәңгілік Елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды. Себебі, Мәңгілік Ел мұратына жету ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының көрінісі арқылы жүзеге асады.

Түйіндей айтсақ, Мәңгілік Елдің даңғылы мәдениетімен де өлшенетініне тағы бір мәрте назар аударып, мұндай мәуелі жалпыұлттық идеяны дәріптеуде шығармашылық күшті біріктіру, Қазақстан Республикасының мәдени, рухани әлеуетін сақтау және дамыту керектігін айта кетелік. Осыған орай, шығармашылық тұлғаларды, ұжымдарды, мәдениет және білім ұйымдарын, еліміздің мәдениеті мен дәстүрін сақтау және зерделеу жұмысында қолдау және ықпал көрсету керектігі бірінші кезектегі міндет етіп қойылғаны мақұл. Сосын зиялы қауым өкілдері көпұлтты еліміздің бірегей мәдени мұрасын сақтау мен көбейтудің, мәдени құндылықтарға азаматтардың еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге ниетті екендіктерін білдіретін болады. Біздің еліміз табысты және өркендеген болашаққа талпынады. Қазіргі таңда барша шығармашылық зиялы қауымның өкілдері, барлығымызды біріктіретін таусылмас бұлағына айналған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының терең мағынасын түсінуіміз қажет.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ



Военно-воздушные силы. Военные летчики продемонстрировали свое мастерство, выполнив фигуры высшего пилотажа одиночно и в составе пилотажных групп. Авиаторы сделали подарок всем зрителям – выстроили цифру «70», которая символизирует годовщину великой победы.

Военно-воздушные силы. Военные летчики продемонстрировали свое мастерство, выполнив фигуры высшего пилотажа одиночно и в составе пилотажных групп. Авиаторы сделали подарок всем зрителям – выстроили цифру «70», которая символизирует годовщину великой победы.

Источник: www.Kapital.kz

Особое место в параде занимает авиашоу. Это группы фронтовой, военнотранспортной и армейской авиации на самолетах Су-25, Су-27, Су-30, МиГ-29, МиГ-31, МиГ-27, Ан-26, Ан-72, Ту-134, Ту-154, С-295 (Airbase Military), а также вертолетах Ми-8, Ми-17, Ми-171, Ми-26, К-32 и ЕС-145 (Еврокоптер).

Кроме того, в параде были задействованы новые сверхманевренные истребители Су-30СМ поколения 4++, которые впервые за всю историю Вооруженных Сил РК пополнили казахстанские



«ЕЛБАСЫМЕН БІРГЕ - ЖАҢА ЖЕҢІСТЕРГЕ»

Мен, Алмас Ұлан Алмасұлы, ағымдағы жылдың 9-10 сәуір күні Астана қаласының «Тәуелсіздік» сарайында өткен «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатының кезектен тыс III Съезі мен Елбасы, Партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуымен өткен «Елбасымен бірге - жаңа жеңістерге» атты жастар форумына «Жас Отан» жастар қанатының Приозерск қалалық филиалы атынан делегат ретінде қатысу абыройына ие болдым. Жалпы бұл форумға «Нұр Отан» партиясының жастар қанаты – «Жас Отан» белсенділері, түрлі деңгейдегі мәслихаттардың жас депутаттары, жас кәсіпкерлер мен ғалымдар, спортшылар және жастар ұйымының жетекшілерінен құралған екі мыңнан аса адам қатыстық. Тәуелсіздік сарайы бұл күні еліміздің барлық түкпірлерінен келген жастардың ыстық ықыласты, жылы жүзді қауышуларына куә болды. Елбасымыз алғашқы болып сөз сөйлеп, бірден жас делегаттармен еркін әңгімеге көшті. Тәуелсіздік табыстарын, еліміздің болашақта дамуына, экономикаға әсер ететін бірнеше жайттарға тоқталды. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу, жаһандық жағдайда жастардың күш-жігерін ел игілігі үшін пайдалану жолдарын саралады.

Кездесуде Н.Ә.Назарбаев өзінен кейбіреулер «біз неге Батыс Еуропа немесе Араб әмірліктері, АҚШ-тағыдай өмір сүраймыз» деп сұрайтынын айтты. Бұл сұраққа жауабында Қазақстан Президенті «ел экономикасына ерекше ықпал ететін қарапайым факторлар бар, мәселен, дамыған елдерде біздегідей нағыз қыс жоқ. Ал олардың теңіз бен мұхитқа шығатын жолдары да бар» деп түсіндірген. Оның айтуынша, әлемдегі 30 үздік ел қатарындағы мемлекеттерде өндіріс орнын салуға «құрал-жабдық пен картон қабырға қойса» жеткілікті. «Ал біз күрделі ғимараттар салып, оларды сапалы, қымбат материалдармен қаптаймыз. Біздің барлық елді мекендер жылына жеті ай бойы жылытылады. Бұған қоса, адамдар жылы киім сатып алып, баспанасын жылыту, калориялы тамақ ішуге ақша жұмсайды» - деді Қазақстан Президенті. Расында да өрлеу мен өркендеуге климаттың әсері зор, бұған бірқатар статистикалық деректер дәлел. Мәселен дамыған 30 елдің басым көпшілігінің климаты жұмсақ болғандықтан қуат көзі шығындары әлдеқайда төмен. Бізге қарағанда қуатты 3 есе артық үнемдейді. Елбасының айтуынша экономиканың өзі климаты жұмсақ елдерде тез дамиды. Елбасымыз ауарайының қолайсыздығына қарамастан еліміздің үздік елдердің қатарына қосылуына қауқары жетіп артылатынын атап өтті. «Бүгінгі күні Қазақстан көптеген пара-метрлер бойынша әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің тізіміне кіреді. Бұған біз қысқа уақытта қол жеткіздік, 20 жыл тарих үшін қас қағым сәт. Экономиканың даму қарқыны, бірқатар өнеркәсіптік өндіріс, ауыл шаруашылығы, білім, денсаулық сақтау және басқа да факторлар бойынша осы елдердің қатарындамыз деп айтуға болады», - дейді Елбасы.

Мемлекет басшысы атап өткендей, енді біз қазақстандықтардың өмір сүру сапасының деңгейі бойынша әлемнің жетекші экономикаларына ұмтылуымыз қажет. Бұл үшін жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің көлемі дамыған елдердегі деңгейден екі есе артық болуы тиіс. Бүгінгі күні әрбір тұрғынға шаққанда 13 мың доллар өнім өндіреміз, бұл орта дамыған елдің деңгейі. Мысалы, Сингапурда бұл көрсеткіш жан басына шаққанда 80 мың



доллар, Еуропаның өзге елдерінде 60 мың доллар. Бұл ең басты көрсеткіш емес, әрине, бірақ біз бұл жеңісті бағындыруымыз керек», - деп дәп басып айтты Н.Ә. Назарбаев.

«Еліміздің мәңгілік темірқазығы болатын идея терең тарихтан бастау алып, бүгінгі күннің мұраттарына сай келуі тиіс еді. Неше ғасыр өтсе де ескірмейтін, мәңгілік болашақпен сабақтасатын идея болуы қажет еді. Кезінде бабаларымыздың мың жылға жететін ұрпаққа өсиетімізді тасқа таңбалдық дегенді «Орхон-Енисей» ескерткіштерінен білесіздер. Сол өсиеттердің бірі – Тоныкөк абыз айтқан түрік жұртының мұраты «Мәңгілік ел» деген сөз. Біз оны ойлап тапқанымыз жоқ, ата-бабаларымыздың түпкі ойы сол болатын. Қазақтың жерін мәңгілік ету. Осынау бір ғана сөйлемге барлығы сыйып тұрған жоқ па? Бабалардың арманы бүгінгі еліміз бен болашақ ұрпақтың биік мақсаттарын үндестіріп жатыр», - деді



Н.Назарбаев.

Елбасы Қазақстанның «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы ата-бабаларымыздың арманынан туындағанын атап өтті. «Бабаларымыз тасқа басқан өсиеттерін іске асырып, мәңгілік ел болуға бет бұрдық. 2050 жылға дейінгі бағдарламаның мақсаты – 30 өркендеген елдің қатарына қосылу, «Нұрлы жол» бағдарламасы, басқа да шаруаларды сондай мемлекет құру үшін қолға алып жатырмыз. Ұлттық идеяны іске асыруға белсене атсалысатын жас ұрпақтың алғашқы легі – сіздер боласыздар», - деп толықтырды өз ойын ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев.

«Әлемде мінсіз, еркін нарықтық экономика іс жүзінде жоқ. Алайда, әр елдің өз мүддесіне сай қолданатын нарықтық реттеуіштері бар. Барлық дамыған мем-

лекеттер өз өнеркәсіптерін, ауыл шаруашылығы мен бизнесін тікелей дотациялар арқылы қолдап отырады», - деген Н.Назарбаев мұның арқасында шетелдік өнімдерге тосқауыл қойылып отырғанын тілге тиек етті. «Қазіргі уақытта біз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру бағытында жұмыс істеп келеміз. Өте күрделі келіссөздер жүргізіліп жатыр. Мұны әрбір мемлекетпен 10 жыл қатарынан жүргіздік. Олар ауыл шаруашылығына қолдауды төмендетіңіздер дейді. Бізде өнімді қолдау 4%-ға жетпесе, Францияда – 25%, АҚШ және басқа да елдерде бұл көрсеткіш одан да жоғары. Ал олар бізге төмендету талабын қойып отыр. Қолдау көрсетпеу дегеніміз не? Бұл біздің ауыл шаруашылығымызды бәсекеге қабілетсіз ету», - деп Елбасы өз сөзін толықтырды.

«Біз бабалардан мирас болған атамекенімізді тәуелсіз ел етіп, тұрмысы шалқып, түтіні түзу ұшқан бақуатты мемлекетке айналдырып,

дүниежүзіне еліміздің бар екенін білдірдік. Қазақтың бар екендігін білдірдік. Тұрмысы шалқып, түтіні түзу ұшқан мемлекетке айналдырдық. Тағулықты тұрақтылықтың және тұрақтылықты дамудың тұғыры ете білдік. Біздің ең негізгі жетістіктеріміздің басы – бірлік болып саналады. Бірлігімізді тұмардай сақтай білсек, еліміз үшін алынбайтын ешқандай биік белестер жоқ», - деген Н.Назарбаев алға қойған мақсаттарға қол жеткізуде әр азамат, әсіресе жастар өзіне жүктелген тарихи жауап-кершілікті сезіне білуі қажет екенін атап өтті. «Жақсы оқып, мамандық алып, қоғамда өз орныңды табу өте маңызды. Залда белгілі мәнерлеп сырғанаушы Денис Тенді көріп отырмын. Жаңа байқағаным, ол залда жалғыз өзі Туға қарап

тұрып, еліміздің Әнұранын шырқады. Бұл оның бойында жарыстардағы жеңісінен кейін қалыптасқан. Егер чемпион үнемі жаттықпаса, келесі Олимпиадаларда жеңіске жетпейтінін Денис жақсы біледі. Өмірде де солай. Біз бүгінде зор жетістіктерге қол жеткіздік, бірақ егер тоқтасақ, сонымызда келе жатқандар бізді басып озады. Бізге күнделікті қажырлы еңбек ету керек. Шындығына келсек, бүгінде тынымсыз еңбектену жеткіліксіз, бұған қоса, тиімді жұмыс істеген жөн. Қазіргі заман ағымы солай. Экономика локомотиві жылжыған уақытта табыс та болады, адамдар да жақсы өмір сүреді. Ал экономика дамуы тоқтаған кезде, бірден мемлекеттің алға жылжуы да тоқтайды. Бұрынғы уақытта тиімсіз мемлекеттер де ұзақ уақыт өмір сүрсе, бүгінде бәсекеге дайын емес экономикалар санаулы жылдарда құлдырауы мүмкін. Өкінішке қарай, тарих екі бағаны ғана біледі – не жеңесің, не жеңілесің», - деді Мемлекет басшысы.

«Сондықтан мемлекет жастардың дамуына барлық жағдай жасап отыр. Индустрияны дамытып жатырмыз, өйткені, нарықтық жағдайда мемлекеттің алдында тұрған басты мәселе жұмыс орындарын құру болып отыр, ал қалғанын адам өзі жасауы тиіс. Жолдарды, электр желілерін салып жатырмыз, аграрлық сектор, білім, денсаулық сақтау салаларын дамытып жатырмыз. Ғылымға жол ашық, инновация, ғылымсыз біз дамыған 30 елдің қатарына қосыла алмаймыз», - деп атап өтті Елбасы.

Жастармен еркін сұхбат 2 сағатқа созылды. Форумнан алған әсерімізді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сүбелі дүниелер айтылды. Елбасының парасатты ойларын ұйып тыңдай келе, менің Приозерск қаласының жастарына айтар үндеуім бар. Біз, тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келген алғашқы буын өкілдері болғандықтан, бізге артылатын жауапкершіліктің жүгі ауыр екенін айта келе мен жастарды қажырлы еңбек етуге шақырамын. Бізді Отанымыздың болашағына деген жауапкершілік, елімізді бұдан да қуатты мемлекетке айналдыру ниеті біріктіреді. Қазақстанды 2050 жылға межелеген мақсаттарға жеткізудің тарихи мүмкіндігі бізге бұйырып тұр. Біз өз жетістіктерімізді мақтан тұтамыз! Біз болашаққа зор сеніммен, үлкен үмітпен қараймыз! Бүгінгі күннің өзінде біз Біріккен Ұлттар Ұйымы жасаған жастардың әл-ауқаты және дамуы индексі бойынша әлемнің отыз үздік елінің қатарына еніп отырмыз! «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Нұрлы жол» бағдарламасы, Елбасымыздың 5 институционалдық реформасы біз үшін кәсіби және зияткерлік даму, өзімізді таныту және шығармашылық көкжиегімізді кеңейтіп, бәрімізге жетістік жолын табуға мүмкіндік береді. Біздің әрқайсымыз еліміздің гүлденуіне өз үлесімізді қоса аламыз. Біздің отансүйгіштігімізге, ауызбіршілігімізге, білімге ұмтылысымыз бен еңбексүйгіштігімізге тек жеке жетістігіміз ғана емес, Қазақстанның болашағы да байланысты. Біздің қуатымыз бен алға ұмтылуымыз біздің біздің - «Мәңгілік ел» идеясының қозғаушы күші. Елбасымыздың айналасына топтаса отырып, біз, Қазақстан жастары, ұлы жетістіктерге же-тетінімізге сенімдіміз!

Ұ. Алмас,

«Жас Отан» жастар қанатының
Приозерск қалалық филиалының
атқарушы хатшысы



М Е Р Е Й Л І М Е Й І Р Б И К Е Л Е Р

Жыл сайын мамыр айының екінші жұмасында аталып өтетін мейірбикелер күнін «Приозерск қаласының ауруханасы» коммуналдық кәсіпорнының ақ желеңді абзал жандары да жақсы жетістіктермен күтіп алуда деп сеніммен айтуға болады. Мереке қарсаңында аталмыш мекеменің бас мейірбикесі Ибадат Керімқұловаға хабарласып, халық денсаулығын сақтау жолында қалтқысыз қызмет етіп жүрген қызметкерлері туралы айтып беруін өтіген едік. Бас мейірбикенің ерекше атағаны – отыз бес жылдан бері осы салада жемісті еңбек етіп жүрген, қазіргі таңда қалалық емханадағы құрт ауруларына қарсы кабинеттің мейірбикесі



Хадиша Ерниязқызы мен соматика бөлімінің мейірбикесі Базаркүл Байназарова болды. Аталған жандар өздеріне тапсырылған жауапты қызметті абыроймен атқарып жүрген, науқастардың алғысы мен ықыласына бөленген, «Ақ желеңді абзал жан» деген атқа лайықты мейірбикелер екені көпшілікке белгілі. Біз бұл мақаламызда осы кісілердің қызмет жолы туралы баяндамақпыз.

Бір қызығы, кейіпкерлеріміздің екеуі де Абу Али Ибн Сина атындағы Бухара медициналық оқу орнының түлектері болып шықты. Жалпы, бұл оқу орнының түп тарихына үңілер болсақ, Өзбекстандағы алғашқы ашылған, оқу-тәжірибелік базасы берік қаланған, талай атакты тұлғалар дәріс берген, көптеген

білікті мамандар шыққан білім ордасы ретінде аталады. Өзінің басып өткен қызметтік өмір жолы туралы сұрағанда, Х.Ерниязқызы былай деп әңгімелеген еді:

–Мен бұл салаға кездейсоқ тап болдым. 1976-жылы орта мектепті бітіріп, Бухара қаласындағы педучилищеге түсемін, кейін жоғарғы оқу орнының қазақ тілі мен әдебиеті пәні факультетінде оқып, мұғалима боламын, деген мақсатым болған. Онда әлі баламыз ғой, мен тапсыратын оқуға қасымда қыздар болмай, аяқ астынан медучилищеге құрбыларымымен бірге құжат тапсырдық. Жалғыз қалуға қорыққаным шығар сонда. Ақырында олар құлады да, мен түсіп кеттім. Сөйтіп, ақ желең киіп, осы мамандықтың тұтқасынан ұстауға тура келді. Қазір бұған өкінбеймін. Мейірбике мамандығы қиын да, жауапты, қызық та, тынымсыз жұмыс. Қолға диплом алғасын, тұрмысқа шығып, жолдасым екеуіміз сол кездегі Ленин атындағы совхозда тұрақтадық. Сол жердің ауруханасында, кейін шалғайдағы «Прогресс» совхозындағы ФАП-та қызмет еттім. 1998-жылы Зарафшан қаласына көшіп барып, сондағы үлкен емханада учаскелік мейірбике болдым. Өмірдегі негізгі тәжірибені сол жерде жинадым. Қала үлкен, халқы көп, әртүрлі ұлттардың қоныстепкен мекені болды ғой.

Өз мамандығын жақсы көріп, жауапкершілікпен қараған Х.Орынбасарова қолының жеңілдігімен, науқастармен жылыұшырай қарым-қатынас жасауымен ақ талайдың жылы лебізіне бөленген. Көп ізденетін, көп білуге ұмтылатын қасиетінің арқасында осы саланың белді мейірбикелерінің біріне айналды. Үйлерінде жатып басы ауырып, балтыры сыздағандар да кейде одан кеңес сұрап жатады. Бұл – оған сегендігі, тиісті медициналық кеңес беруге лайықты жан екендігін мойындағандары. 1995-жылы Приозерск қаласына көшіп келіп, 2002-жылдан бастап қазіргі емханада еңбек етіп

келеді. Өз қызметінен тыс ұжымдағы, қаладағы мәдени-көпшілік шараларға белсене араласатын, кісі жатырмайтын, бойындағы өнерін көпшілікке арнайтын ақжарқын мінезімен де үлкен беделге ие. Өз білгенін ізіне ерген жас әріптестерімен бөлісіп, ақыл-кеңесін беріп отырады. Көп жылдық тәжірибесін тиімді пайдалана біледі. Бір жылдары қалада құрт ауруларымен ауыратын адамдар саны артып, елді біраз қобалжытқаны есімізде. Қазір бұл сан әлдеқайда азайған болса, мұнда Х.Орынбасарованың да қомақты үлесі бар.

Отбасыдағы төрт баланың тұңғышы болған Базаркүл Байназарова Газли қаласындағы мектепті бітірген бойда-ақ өзі қалаған мамандығы – мейірбикелер дайындайтын оқу орнына құжатын тапсырыпты. Пысық, ыждағатты қыздарының ойын мақұл көрген әкесі Жолман мен анасы Қанзира баталарын беріп, ақ жол тілеген. Жауапты мамандықты игеріп шығу үшін көп оқуға, көңілге мықтап тоқуға, сан түрлі тәжірибелік сынақтардан өтуге тура келсе де, осының біріне де мойымаған қыз 1991-жылы оқуын жақсы аяқтап, мейірбикелік дипломын алады. Өзінің туған қаласы – Газлиге келіп, еңбек жолын осындағы ауруханадан бастаған. Осы жерде алған білімін іс тәжірибесінде байытты. Алдынан талай науқастар өтті. Түн ұйқысын төрт бөліп, ауруына араша сұраған жандардың жанынан табылды. Зымырап жатқан уақытпен бірге есейіп, етегін жапқанда, өзі қалаған Сайфолла есімді жігітке тұрмысқа шықты. Күйеуімен бірге Жамбыл облысы, Қордай ауданының Ауқатты ауылына көшіп келгесін де, өзі қалаған мамандығын жалғастырған ол 2008-жылға дейін ауылдық ауруханада мейірбикелік қызметте болды. Сол жылы Приозерск қаласына көшіп келіп, қалалық аурухананың соматика бөліміне орналасқан. 2009-жылдан 2010-жылға дейін бөлімнің аға мейірбикесі қызметін атқарды. Бүгінде



аталған бөлімнің кезекші мейірбикесі болып жұмыс істеуде. Халық денсаулығын сақтау жолында сіңірген еңбегі бағаланып, бірнеше рет «Алғыс хаттармен», «Құрмет марапаттамаларымен» мадақталған. Ол үшін мадақтың ең үлкені – өз бөлімінде емделіп, сауығып шығып жатқан науқас жандардың кетерде айтқан алғысы деп біледі. Жаны күйзеліп, тәнін дерт кеулеп, ауруына шипа іздеп келгендерге қызмет көрсету, уақтылы емшара қолдану, олардың мерзімді дәрі-дәрмегін ішуін бақылау секілді бітіп болмайтын шаруаларды атқару да жеңіл жұмыс емес екенін, осы жердегі мейірбикелер жақсы біледі. Қолы жұмыстан босаған сәтте 5-сыныпта оқитын қызы Гүлімнің сабақ үлгеріміне қарап, жүріс-тұрысына бақылау жасағанды қалайды. Болашақта қызының да ел аузында жақсы аты шығатын азамат болып өсуін армандайды.

Денсаулық сақтау саласының бір тетіген ұстап, жемісті еңбек етіп жүрген қос мейірбикені төл мерекелерімен құттықтай отырып, алдағы еңбектерінің де жана беруін тілейміз!

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ
Суреттеде: Х.Орынбасарова мен Б.Байназарова
Суреттерді түсірген автор

«Переход к зеленой экономике»

ОБ УПРАВЛЕНИЕ ТВЕРДО-БЫТОВЫМИ ОТХОДАМИ В ПРИОЗЕРСКЕ

По инициативе Президента Н.А.Назарбаева была разработана Концепция по переходу к «зеленой» экономике.

Мы обратились к населению города с вопросом «Как Вы понимаете смысл термина «зеленая» экономика?». Ответы получили разные: 1)это улучшение состояния природных ресурсов; 2)это новые технологии, благодаря которым люди приносят пользу природе; 3)это создание экологически чистых продуктов.

Так что же на самом деле понимается под «зеленой экономикой»?

Согласно Концепции «зеленая» экономика - это экономика, направленная на сохранение благополучия общества, за счет эффективного использования природных ресурсов, а также обеспечивающая возвращение продуктов конечного пользования в производственный цикл. В первую очередь, «зеленая» экономика направлена на экономное потребление тех ресурсов, которые в настоящее время подвержены истощению (полезные ископаемые – нефть, газ) и рациональное использование неисчерпаемых ресурсов. В основе зеленой экономики – чистые или «зеленые» технологии. По словам специалистов, развитие «зеленой» экономики позволит избежать нашей стране экологического кризиса, который затронул своими масштабами уже



многие постиндустриальные страны.

В Концепции определены семь ключевых направлений развития «зеленой» экономики.

И в частности, четвертое направление касается «совершенствования системы управления отходами».

